

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы
2022-2023 оқу жылы бойынша мектеп
педагог-психологтарының жұмыс есептері

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
- Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
- Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардыңтабысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық күзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық күзіреттілігін арттыру;

Психодиагностика.

Оқыту мен тәрбиелеудегі проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу.

Психопрофилактика.

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

Психологиялық кеңес беру.

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық түзету.

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс.

Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

Психологиялық ағарту.

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Психологиялық қызметтің нормативтік құқықтық актілері бар.

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында ПМПК тізімінде тұрған оқушылар саны:18.

Үйдегі оқуда 2 оқушы тіркелген.

Әр оқу жылында мектебіміздің психологиялық қызмет жұмысының жоспарлары құрылып, мектеп директорымен бекітіледі:

http://sc0001.korgalzhyn.aqmoedu.kz/public/files/2024/4/26/260424_111840_2022-2023-ghyly-psihologtyn-ghumys-ghospary.pdf


Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

2022-2023 оқу жылы

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар: Бірінші сынып оқушыларының табысты бейімделуіне жағдай жасау тақырыбында сауалнама, диагностикалық жұмыс (1 кластар бойынша), Бесінші сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері сауалнама жүргізу (5 кластар), Филипс тесті, Амалтея диагностикалық кешені (5-6-7 кластар), Мен буллингке қарсымын! тренинг (8-9-10 кластар), «Мен өмірді таңдаймын» тренинг (7 кластар), «Мен және менің достарым» сауалнама (5 кластар), Кәмелетке толмаған оқушылардың құқықбұзушылығы тақырыбында дөңгелек үстел (8-9-10-11 кластар), ҰБТ-ға (11 кластар) дайындық жұмыстары, тренинг, кеңес беру, сауалнамалар жүргізіледі.

1 класс оқушыларының мектепке дайындығын анықтау диагностикасы

Керн Йерасек әдістемесі бойынша (2022-2023 ж)



	жоғары	орта	төмен
1 "ә" класс	18%	3%	3%
1 "б" класс	15%	4%	1%
1 "в" класс	13%	4%	1%
1 "а" класс	14%	2%	1%

Қорытынды:

1 ә класс: 87%
 1 б класс 95%
 1 в класс 94%
 1 а класс 94%

Оқушылармен және педагогтармен үйлесімді жұмыс атқару үшін арнайы психолог кабинетінің жабдықталуы басты маңызды рөл атқаратына сөзсіз. Сол себепті жыл бойы кабинеттегі қабырға стендтерін актуалды мәліметтерге толықтырып, жаңартылып отырылады.






Жеңіл ақыл-ой кемістігі мен сөйлеу қабілетінің тежелуі бар балалармен үнемі жоспарға сай жеке жұмыстар ұйымдастырылып, арнайы тапсырмалар өткізіледі.

5-ші класс оқушыларының орта буынға бейімделуі

Лусканова әдістемесі бойынша



Балалармен «Театр», «Драма қою» сынды рөлдік ойындар мен нейрожаттығулар әр сабақ сайын жасалады.




Оқушылардың кезекті демалыстары уақыттарында мектепшілік педагогтарға арналған семинарлар мен коучингтерде психологиялық жағымды көңіл күй тудыру мақсатында тренингтер мен рефлексия, ситуациялық жағдаяттарды шешу сынды түрлі педагогтармен жұмыстар жүргізіледі.



Білім беру процесінде жоғары сынып оқушыларының тұлғалық сана-сезімдерінің қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда ауқымды мәселе болып отыр. Атқарылған істердің көптігіне қарамастан, әлі де болса психологтерді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – орта және жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асырудағы дамыту жұмысының білім сапасын арттыру, жоғары сынып оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми — ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с.

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»

«Әкімшілік жаза қолдану шаралары туралы» сауалнама қорытындысы



	Сауалнамаға қатысқан	Сауалнама қорытындысы:
білемін	18	Білемін 41%
білмеймін	2	Білмеймін 2%
жаңа ақпарат болды	23	Жаңа ақпарат болды 57%

Өйткені, ХХІ ғасыр — білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ қажет. Осы орайда, 7,8,9,10 класс оқушылармен психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес


үздіксіз тренингтер , сауалнамалар мен дөңгелек үстелдер, кездесулер болады.



Қазақстанда 11 жастан 15 жасқа дейінгі әр бесінші оқушы қатарластарынан қысым (буллинг) көреді екен. Мектепте сауалнама жүргізген осындай дерек жариялаған. Әсіресе 11-13 жас аралығында ұлдардың арасында буллинг кең тараған. Буллингке кез келген сыныптағы оқушылар ұшырауы мүмкін. Көбіне бастауыш сынып оқушылары арасында кездеседі. Ол бірнеше жылдан мектепті аяқтағанша созылуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен оқушылардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуден басталады. Қысым көрген оқушының мінезі, ойлау жүйесі, сырт келбеті немесе қандай да бір себеппен "командаға сыймайтындай" ерекшелігі болуы мүмкін. Буллинктің алдын алу, қорқыту, қысым және қоқан лоққы көрсету бойынша оқушыларға ақпараттар беріліп, сауалнамалдар алынды.

«Жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту»

«Мектептегі буллинг» сауалнама қорытындысы



**Сауалнамадан
өткен**

	%
қорқыту	1
қысым	1
қоқан-лоққы	0
қалыпты	23

Қорытынды:

Әр оқу жылының басында психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрастырылып, мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сай іс-шаралар кезеңдерімен атқарылып отырады. Мектеп психологының оқу жылына арналған жұмыс жоспары бес бағыт бойынша құрылды. Ол оқушыларды диагностикалау, түзету, кеңес беру, ағарту және алдын алу жұмыстары болып келеді. Бұл бес бағыт оқушылармен, дарынды оқушылармен, қиын оқушылармен, педкадрлармен, және ата аналармен жұмысты қамтиды. Жұмыс жоспарында оқушылардың мазасыздануын анықтау, өзіндік даму ерекшеліктерін анықтау, бағалау, алдын алу т.с.с ерекшеліктерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары енгізіледі. Сонымен қатар, ассоциалды қабілеттің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында алдын алу іс-шаралары да енгізіледі.

Ұсыныстар:

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен ұстаздың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді. Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.

Мектеп психологтары: А.Судейменова

А.Байтурова